



ПРЕЗИДЕНТ

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ҚҰТТЫҚТАУ ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік Қазақстан облысының құрылғанына 90 жыл мерейіне арналған салтанатты жиынға қатысушыларды құттықтады. Президент өз құттықтауында өңірдің ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі мен машина жасау салаларындағы жетістіктеріне тоқталып, облыс тұрғындарының елдің дамуына қосын келе жатқан үлесін атап өтті.

Қадірлі қауым!

Сіздерді Солтүстік Қазақстан облысының құрылғанына 90 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын!

Осы уақыт ішінде Қызылжар өңірі дамуың даңғайл жолынан өтіп, шөжірелі өлкеге айналды.

Қазіргі таңда Солтүстік Қазақстан еліміздің астықты аймағының бірі саналады. Дихандарымыз егіншілік кәсіптің қыр-сырын меңгеріп, мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге зор еңбек сіңіріп жүр.

Аймақта ауыл шаруашылығымен қатар өңдеу өнеркәсібі, машина жасау салалары қарқынды дамып келеді. Инвестициялық жобалар қолға алынып, өндіріс орындары іске қосылды. Мұның бәрі халықтың тұрмысын жақсартып, өңірдің одан әрі өркендеуіне ықпал ететіні анық.

Бұл өңірде күрделі кезеңде ел бірлігін сақтап, даналық пен көрегендік символына айналған өзігі Абылай ханның ізі қалаан. Солтүстік Қазақстаннан халқымызға, сондай-ақ бүкіл өлемге танымал мемлекет және қоғам қайраткерлері, мәдениет пен әдебиет саласының аса көрнекті өкілдері, еңбек ардагерлері, көптеген құрметті тұлғалар, өзігі спортшылар мен құқық қорғау саласының білікті мамандары шықты.

Біз біртұтас ері жасампаз ел ретінде ауқымды өзгерістерді табысты жүзеге асырып жатырмыз. Таяуда ғана ұлт дамуының темірқазығы саналатын Жаңа Конституциямыз заңды күшіне енді. Бас құжатта халқымыздың сан ғасырлық арман-мұраты мен келешекке бағдар болатын мызғымас құндылықтары нақты көрініс тапты.

Ата Заңды қабылдауға аймақ жұртшылығы да белсене қатысып, ауызбіршілік пен жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетті. Облыста түрлі этнос өкілдері өзара құрмет пен достық дәстүрін сақтап, тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Берекелі өңір барлық жетістікке азаматтардың жасампаздық қуатының арқасында қол жеткізіп келеді. Сіздер алдағы уақытта да ел игілігін еселеуге атсалыса бересіздер деп сенемін.

Баршаңызға аамандық, толағай табыс тілеймін!

Солтүстік Қазақстан облысы өсіп-өркендей берсін!

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА - 90 ЖЫЛ



ҚҰТ ДАРЫҒАН ҚЫЗЫЛЖАРДЫҢ ТОРҚАЛЫ ТӨЙІ

Қызылжар өңірінің даңғандары алтын астықты орта кірісіп кетті. Биыл табиғат жағым-шамынғы да, аймақ астығы да молынан сыйлап, астық тез піметі, дарынша бітік шықты.

Солтүстік Қазақстан облысының басшылығы алтын орақты облыстың 90 жылдығына арналған салтанатпен бастады. Аққайың ауданындағы «Дайындық-Агро» ЖШС аумағында ұйымдастырылған іс-шараға Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкілдері, ғалымдар, агроқұрылымдар басшылары, ел ақсақалдары мен еңбек ардагерлері көптеп жиналды. Қатысушылар алдымен «Тарихы терең Қызылжар» атты тарихи-өлкетану көрмесін, содан соң жаңа техникалар мен технологиялардың түрлерін тамашалады. Жиналғандар Қызылжар өңірінің бай тарихын мен кеңінен танысып, агроөнеркәсіп саласының жетістіктерін аралап көрді. «Ұлы дала астығы - 2026» аталған орақ мерекесін облыс әкімі Фауыз Нұрмұхамбетов ашты. Әкім алдымен облыстың құрылғанына 90 жыл толып отырғанын тілге тиек етті.

«Осы жылдарда Солтүстік Қазақстан облысы өзін еліміздің белді аграрлық аймағы деген мәртебелі атауға толық қол жеткізді. Диқан еңбегін құрметтеудің, бағалаудың, агроөнеркәсіп жән-жақты дамуы мақсатында үнемі жаңа техника мен технологияларды енгізудің арқасында өңіріміз астық өндіру саласында толайым табыстарға қол жеткізіп, еліміздің азық-түлік

қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өпшеусіз үлес қосып келеді», деді ол.

Шын мәнінде Солтүстік Қазақстан облысы астықжинауда жоғары көрсеткіштерге ие. Кейінгі жылдары Қызылжар өңірі гектар берекелігі бойынша елімізде рекордтық нәтижеге қол жеткізді. Биыл да 4,4 млн га жердің астығын орып, оның ішінде 2,9 млн жерден дәнді дақыл жинамақшы. Майлы дақылдар бойынша да облыс қатарынан екі жыл алдыңғы қатарда келеді. Жиынға қатысқан Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Азат Сұлтанов Солтүстік Қазақстан облысының еліміздің агроөнеркәсіптік көшенін дамытудағы, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ерекше рөлін атап өтті.

«Солтүстік Қазақстан облысы еліміздің аграрлық әлеуетін нығайтуда ерекше орын алады. Өңір ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуға, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қомақты үлес қосып келеді. Бұл форум мемлекет, ғылым, аграрлық сала өкілдерінің басын қосып, саланың өзекті мәселелерін талқылауға, әрі нақты шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді», деді вице-министр.

Жалғасы 2-бетте.

ТАҒАЙЫНДАУ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ЖАҢА ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі Рахат Смағұлұлының 2026 жылғы 10 тамыздағы өкілімен аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары лауазымына Мұқанова Айгүл Еркінқызы тағайындалды.

Айгүл Еркінқызы 1992 жылғы 24 желтоқсанда Солтүстік Қазақстан облысы Возвышен ауданының Возвышенка ауылында дүниеге келген.

Жоғары білімі бар. Мамандығы – «Шет тілі: екі шет тілі», «Іскерлік әкімшілендіру» (магистратура). Білім беру саласындағы жалпы еңбек өтілі 11 жылдан астам. Соңғы жұмыс орны – Возвышенка орта мектебінің директоры.

Айгүл Еркінқызы ауданның әлеуметтік саласына жетекшілік етіп, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, тілдерді дамыту, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар және спорт саласына жауапты болады.



ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

Е С О Л Т Ы С Т І Қ Қ А З А Қ С Т А Н О Б Л Ы С Ы Н Ү Қ Ұ Р Ы Л Ғ А Н Ы Н А - 90 Ж Ы Л

ҚҰТ ДАРЫҒАН ҚЫЗЫЛЖАРДЫҢ ТОРҚАЛЫ ТӨЙІ



Жалғасы, басы 1-бетте.

Сонымен бірге А.Сұлтанов саланың даму қорытындыларына тоқталып, мемлекеттік қолдау шараларын жүзеге асыру барысы туралы әңгімеледі. Өткен жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 5,9%-ға өсіп, 9,8 трлн теңгені құрағанын жеткізді. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолжетімді қаржыландыру мақсатында жеңілдетілген несиелерге 750 млрд теңге бағытталған.

«Бүгінге дейін 656 млрд теңгеге 5,7 мың ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші қаржыландырылды. Ауыл шаруашылығы техникасын жеңілдетілген лицензиямен алуға 300 млрд теңгеден астам қаражат қарастырылды. Солтүстік Қазақстан облысына жалпы құны 24,7 млрд теңгені құрайтын 349 техника жеткізілді. Егін жинау науқанын өткізу үшін аграршыларға 401 мың тонна жеңілдетілген дизель отыны бөлінді. Республика бойынша минералды тыңайтқыш енгізу жоспары 2,3 млн тоннаға құрайды. Оның ішінде Солтүстік Қазақстан облысына 400,3 мың тонна қарастырылған», деді ол.

Сондай-ақ вице-министр өңірде майлы дақылдар 1,3 млн га алқапқа өгіліп, облыстың жалпы егіс алқабының 23%-ын құрағанын мәлім етті.

Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Дәурен Тоққожаев астық алқаптарын ертарпаңдандырудың жетістігі зор екенін

атап өтті.

«Биыл біз бұрыннан егіліп келе жатқан майлы дақылдардың үстіне жүгері егуді де ұлғайттық. Бұрын оның алқабы 15 мың га болса, биыл 16 мың гектардан асырдық. Бұл дақыл жері құнарсыздау аумақтарда да жақсы өнеді. Биыл Уәлиханов ауданына тәжірибе үшін ектірген едік, жоғары өнім бергілі отыр», деді Д.Тоққожаев. Сонымен бірге ол мемлекет тарапынан жасалып жатқан диқанарды қолдау шараларына ризашылығын білдірді. «Тек қана «Кен дала-2» бағдарламасы бо-йынша біздің облыстың диқанарына 207 млрд теңге, мұнымен қоса 5 пайыздық өсіммен техника сатып алуға 60 млрд теңге қарастырылды. Сондай-ақ орақ науқанын өткізуге 61 мың тонна арзандатылған дизельді отын бөлінді», деді ол.

Алтын орақтың алдында диқанардың көңіл күйі де жоғары екені көрініп тұр. Жиын өтіп жатқан Дайындық ауылында орналасқан «Дайындық-Агро» ЖШС астық орауға кірісіп кетіп, барлық тиесілі алқабының 17 пайызын орып та үлгеріпті. «Биылғы астықтың өсімі былтырғыдан кем емес. Кейбір алқаптардан былтырғыдан да жоғары астық алуымыз мүмкін», дейді агроқұрылымның басшысы Біржан Шаймерденов.

Кейбір шаруашылықтар өрте жиналатын жасымдық, бұрышқ сияқты майлы дақылдарын өлден жинап алыпты. Дегенмен сары далаңның тәсіне мыңдаған комбайнның тұтастай бас қоюына әлі бір

аптадай уақыт бар. Ауа райы қолайлы болса, жоғары технологиялы комбайндар орақ науқанын ұзаққа созып, бір айдың ішінде толық аяқтай алады.

Форум барысында ұйымдастырылған озық техникалардың көрмесіндегі өрбір жаңа техниканың тұсына мамандар балға қонған арадай үйірлі. Мұнда өндірістік шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін өсімдік пен мал шаруашылығының озық техникаларын тизіген. Соның ішінде жергілікті «АгроРобот» ЖШС жасаған агродрондар да болды. Бағасының қымбатығына қарамай шаруалар оларды жіліктеп, талдап жатты. Бұл да болса, шаруалардың сатып алу мүмкіндігінің зор екендігін көрсетеді. Мемлекеттің қолдауымен диқан қазір кез келген техниканы сатып ала алады. Дрондар астық алқаптарына түрлі дәрілер, тыңайтқыштар бүркуге арналған.

«Қазір Солтүстік Қазақстан облысының астық алқаптарында 54 дрон қолданылып жатыр. Олардың орқайсының бағасы 15 млн теңгенің маңында. Ол құрғақта, сұйықта тыңайтқыштарды шаша алады. Шамамен 86 килоға дейін салмақ көтереді. Шаруалар тарапынан сұраныс жоғары. Дронды басқаруды біз екі күннің ішінде үйретіп шығарамыз», дейді ЖШС директоры Алмас Құсайын.

Көрмеге жаңа тұқымның сұрыптары да қойылған. Олар жергілікті климаттың жағдайына көбіс өтіп шығарылған көрінеді. Облыстық ауыл шаруашылығы тәжірибе стансының директоры Виталий Зайканың айтуына қарағанда, қазір «Семеновна» деген сұрыпқа сұраныс жоғары. «Біз өзіміздің ғана емес, көршілес акмопалықтар тарапынан да осы сұрып туралы жақсы пікірлер естіп жатырмыз. Бұл сұрыптың нарыққа шыққанына биыл – үшінші жыл. Кейінгі екі жылда біз 2,5 мың тоннасын сатып үлгердік», дейді В.Зайка.

Сөйтіп солтүстікқазақстандық диқанар жаңа ораққа сақадай сай екенін анық танытты. Салтанатты жиын соңы жергілікті өнерпаздардың шағын концертне ұласты.

Екінші күні орақ мерекесі Петропавлдағы Оқушылар сарайында өткен «Qyzyljar Investment Forum – 2026» атты халықаралық инвестициялық форумға ұласты. Басқосуды ашқан облыс әкімі Ғауез Нұрмұханбетов сөзін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өңір халқын 90 жылдық мерекемен құттықтаған хатын оқып беруден бастады.

«Қазіргі таңда Солтүстік Қазақстан өліміздің астықты аймағының бірі саналады. Диқанарымыз өгішілік кәсіптің қыр-сырын меңгеріп, мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге зор еңбек сіңіріп жүр. Аймақта ауыл шаруашылығымен қатар өңдеу өнеркәсібі, машина жасау салалары қарқынды дамып келеді. Инвестициялық жобалар қолға алынып, өндіріс орындары іске қосылды. Бұл өңірде күрделі кезеңде ел бірлігін сақтап, даналық пен көрегендік символына айналған өгілі Абылай ханның із қалған. Солтүстік Қазақстаннан халқы-

мызға, сондай-ақ бүкіл әлемге танымал мемлекет және қоғам қайраткерлері, мәдениет пен өдебиет саласының аса көрнекті өкілдері, еңбек ардагерлері, көптеген құрметті тұлғалар, өгілі спортшылар мен құқық қорғау саласының білікті мамандары шықты», делінген құттықтауда.

Облыс әкімі өңір тұрғындарын 90 жылдық мерекемен құттықтады. Сонымен қатар облыстың дамуына үлес қосқан ардагерлерді ерекше атап өтті. «Аға бұын өкілдерінің адал еңбектерінің арқасында облыс қарыштап дамып келеді, сіздер салған жақсы дәстүрлер жалғасын тауып, болашақ ұрпаққа жаңа мүмкіндіктер тудырып отыр», деді ол.

Инвестфорумға облыс әкімі Ғауез Нұрмұханбетов, Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов, «Қазақстан даму банкі» АҚ басқармасы төрағасының орынбасары Владимир Ли, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ басқармасы төрағасының орынбасары Азат Абайділдин, басқа лауазындағы тұлғалар қатысты. Сонымен қатар Қытай, Түркия, Италия елдері компанияларының өкілдері атсалысты.

Сәулетті ғимараттың кіреберісінде өңдеу өнеркәсібінің, ауыл шаруашылығының техникалары мен технологияларының көрмесі ұйымдастырылды. Қонақтар өлімізде жасалған техника құралдарын тамашалады.

«Qyzyljar Investment Forum – 2026» халықаралық инвестициялық форумында Ауыл шаруашылығы вице-министрі А.Сұлтанов «Ігілік», «Береке», «Жайлау» бағдарламалары аясында жүзеге асырылып жатқан мал шаруашылығы мен қайта өңдеу салаларын қолдаудың жаңа институционалдық тетіктерін таныстырды. Оның айтуынша, бұл бастамалар саланың инвестициялық тартымдылығын арттыруға, қайта өңдеу өндірісін дамытуға, шикізат базасын нығайтуға бағытталған.

Сондай-ақ ол өсімдік және мал шаруашылығы араласындағы ықпалдастықты дамыту мәселесіне ерекше тоқталды. А.Сұлтановтың айтуынша, мұндай өндірістік ықпалдастық ауыл тұрғындарын жыл бойы тұрақты жұмыспен қамтуға, жер мен жеміш ресурстарын тиімді пайдалануға, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешенде өндірілетін өнімнің қосылған құнын арттыруға мүмкіндік береді.

Форум қорытындысы бойынша Солтүстік Қазақстан облысының агроөнеркәсіптік кешенінде 1,3 трлн теңгенің жаңа жобаларын іске асыруға, өңірге инвестиция тарту қарқынын арттыруға бағытталған 25 инвестициялық меморандумға қол қойылды. Соның ішінде «Atameken-Agro Oils» ЖШС мен «Қазақстанның даму банкі» АҚ арасында майэкстракциялық зауыт салу, «Qyzyljar» АЭА аумағында «KazAgroTech» АҚ мен түркиялық «Tiguzki Agro» фирмасы арасында агрохимиялық кешен тұрғызу, тағы да басқа жобалар бар.

Жақсыбай САМПАТ.

Е Л Ж А Қ А Л Ы Қ Т А Р Ы

МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ
70%-Ы EGOV
GPT-ГЕ
КӨШІРІЛЕДІ

Осы жылдың сәуір айында іске қосылған eGov GPT интеллектуалды цифрлық ассистентінің функционалы кеңейіп жатыр.

Аталған сервис азаматтарға өмірлік жағдайдың мәтіндік сипаттамасы бойынша нысандар мен анықтамаларды өз бетінше іздемей-ақ қызмет алуға мүмкіндік береді. Бұл туралы Үкімет отырысында Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев мәлімдеді.

«Бүгінде eGov GPT-де жалпы трафиктің шамамен 30%-ын құрайтын ең сұранысқа ие 50 қызмет қолжетімді. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 70%-ға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Азаматтар eGov GPT мүмкіндіктерін 150 мыңнан астам рет қолданып үлгерді. Ол мемлекет пен азаматтар арасындағы барлық мәселелер бойынша ембебап AI-ассистентке айналуға тиіс», деді вице-премьер.

Қазақстан БҰҰ-ның Электрондық үкіметті дамыту индексінде әлем бойынша 24-орында тұрғанын айта көткен жөн.

ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНЫ
QAZTECH ПЛАТФОРМАСЫНА КӨШТІ

Еліміздің барлық мемлекеттік органы QazTech платформасына көшті.



QazTech платформасы 2026 жылғы 1 сәуірден бастап жұмыс істеп келеді. Платформа қызметтерді құру әрі пайдалануға беру мерзімдерін бірнеше жылдан бірнеше аптаға дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

«Биыл 39 жүйені көшіру жоспарланған. Оның 36-сы бойынша жұмыстар аяқталуда жатыр. Бұдан бөлек, 25 жүйе жоспардан тыс көшіру және өзірлеу кезеңінде, ал 10 жүйе платформада толық жұмыс істеп тұр», делі министр.

EGO V 3.0 ПОРТАЛЫНЫҢ
ЖАҢА НҰСҚАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

eGov 3.0 порталының жаңа нұсқасы іске қосылды.

Ол мемлекеттік қызметтерді көрсетуді оңтайландыруға, артық талаптарды болдырмауға және инфрақұрылымға жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Бұл туралы Үкімет отырысында Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев айтты.

eGov порталы да өзінің технологиялық мүмкіндігінің шегінде жұмыс істеп келді. Осыған байланысты жақында QazTech платформасында әзірленген заманауи eGov 3.0 порталы іске қосылды, деді Жаслан Мәдиев. Оның айтуынша, қызметтер барынша оңай, пайдаланушы үшін ыңғайлы пішінде жинақталған. Талаптар мен

Вице-премьер мемлекеттік жүйелерді көшіру жұмыстары жоспарланған мерзімнен бұрын жүзеге асып жатқанын атап өтті. Қазіргі уақытта барлық мемлекеттік орган QazTech платформасымен жұмыс істейді.

Сонымен қатар Жаслан Мәдиев Мемлекет басшысының Жарлығымен QazTech-тен тыс жала мемлекеттік ақпараттық жүйелерді өзірлеуге мораторий енгізілгенін атап өтті.



қадамдар саны азайды. Сұранысқа ие қызметтердің бір бөлігі жаңа пішінде болады.

ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ АБАТТАНДЫРУ - КҮНДЕЛІКТІ БАҚЫЛАУДА

11 тамыз күні аудан әкімдігінде аудан әкімі Рахат Смағұловтың төрағалығымен кезекті аппараттық кеңес өтіп, онда елді мекендерді абаттандыру бойынша жүргізілетін жұмыстың қорытындысы қаралды.

Алдымен Рахат Назымбекұлы аудан әкіміне аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Мұқанова Айгүл Еркінқызын таныстырып, жұмысына сәттілік тіледі.

Сондай-ақ аудан басшысы 60 жасқа толған Төлеген Әлжанұлы Әбілмәжіновты мерейтойымен құттықтап, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосып келе жатқан сүбелі үлесі үшін алғыс білдірді.

Құқыққорғау, жергілікті атқарушы және аумақтық органдардың басшылары, Бұлаев қаласы мен ауылдық округтердің әкімдері қатысқан аппараттық кеңесте облыс басшылығының «Таза Қазақстан» бастамасы шеңберінде елді мекендерді абаттандыру және санитарлық күтіп ұстау бойынша жұмыстарды жүргізу жөніндегі тапсырмаларын іске асыру мәселесін қарастырылып, көшелердің, қоғамдық аумақтардың, жолдар мен жарықтандырудың жай-күйіне, стихиялық қоқыстарды жоюға және ескірген және қараусыз қалған үйлерді бұзуға ерекше назар аударылды.

Алғашқы болып Бұлаев қаласының әкімі Азамат Бірімжанов баяндама жасап, қала аумағында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

- «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында аумақты санитарлық тазарту, көгалдандыру, авариялық ағаштарды кесу және арашөптерді шабу жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде.

Қалалық полигонға қызмет көрсету жүргізілуде, сондай-ақ ұзындығы 1,5 км үйіме жасалып, тұрмыстық қатты қалдықтарға арналған контейнерлер орнатылды. Сенбіліктер мен «Таза бейсенбілік» акциялары барысында 800 мың шаршы метрден астам шөп шабылды, 2000-нан астам ағаш пен көше жарықтандыру тіректері ақталды.

Апатты ағаштарды кесу бойынша жұмыстар жүргізілді, барлығы 25 ағаш пен бұта кесілді, қосымша 50 ағаш сиретілді. Ағымдағы жылы 500-ден астам қарағай көшеттері және кіру тобына 10000 қарағай көшеттері отырғызылды.

Көктемгі кезеңде су басқан аймақтардан 10 млн. теңге сомаға қар шығару жүзеге асырылды, 25 000 текше метрден астам қар шығарылды, жалпы ұзындығы 5 шақырымнан астам арықтарды тереңдету жүргізілді. Сондай-ақ, 265,2 мың шаршы метр аумақта қамыс-шабу бойынша жұмыстар орындалды, қосымша өз күштерімен - 120,1 мың шаршы метрде шабылды.

Иесіз объектілерді анықтау бойынша жұмыс жалғасуда: 10-нан астам қараусыз қалған үй есепке қойылды, бір апаттық ғимарат және 1 үй бұзылды, жасалған шарт бойынша кемінде 15 үйді бұзу жоспарлануда.

Келікті қолжетімділікті жақсарту, жол қозғалысы қауіпсіздігін және тұрғындардың жүріп-тұру жайлылығын арттыру мақсатында Бұлаев қаласында конкурстық рәсімдер өткізілді және Бұлаев қаласы мен Медвежка ауылының көшелерін орташа жөндеу бойынша мердігер анықталды. Қазіргі уақытта Целинная көшесінде жұмыс басталды.

Қара жолдардың жүру жағдайын жақсарту үшін Плеханов, Старо-Лесная, Южная көшелеріне қиыршық



тас төселді, бұл осы көшелерде көлік қозғалысын арттыруға және шаң түзілуін азайтуға мүмкіндік берді.

Ағымдағы жылы орталық алаңда саяси қуғын-сүргін құрбандарына, интернационалист жауынгерлерге, Семей полигоны және Чернобыль атом станциясының жоюшыларына арналған 8 000 млн. теңге сомасына «Тағзым» мемориалдық кешені орнатылды. Бұлаев қаласында санитарлық тазалықты қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Биыл планшет сатып алынды, ескерту ҚР ӘҚБТК 505 бабы бойынша 2 хаттама толтырылды. Тұрғындармен құқық бұзушылықтар санын азайтуға, көшелерде және қоғамдық орындарда тәртіпті сақтауға бағытталған профилактикалық іс-шаралар жүргізілуде. Сондай-ақ, қаланың уәскелік инспекторлары үй және үй маңындағы аумақты абаттандыру аясында тұрғындарға 250-ден астам ескерту табыс етілді, - деді Азамат Тоқышұлы.

Содан кейін Қарақоға ауылдық округінің әкімі Жанболат Мұқашев сөз алып, округ аумағында атқарылған іс-шаралар туралы ақпарат ұсынды.

- Қарақоға ауылдық округінің құрамына үш елді мекен кіреді: Қарақоға, Образец, Чистое. Барлығы 653 аула бар. Абаттандыру жұмыстары тұрақты негізде жүргізілуде. 2026 жылға арналған округті абаттандыру жоспары әзірленді, оған сәйкес іс-шаралар өткізіледі.

Ауыл тұрғындары өздерінің аула аумақтарын тазалап, дүкен иелері өздерінің сауда нүктелерінің сыртқы келбетін ретке келтірді. Тұрақты негізде «Таза бейсенбілік», сенбіліктер өткізіледі. Күн сайын ауылдық округ көшелері бойынша қоқыс жиналады.

Қарақоға ауылындағы скверді, Қарақоға ауылындағы балалар ойын және спорт алаңдарын абаттандыру бойынша жұмыс жүргізілді. Шөп шабылып, сырлау жұмыстары жүргізілуде.

250 дана бағаналар мен ағаштарды ақтау жүргізілді. 600 м3 аумақта құрғақ ағаштарды кесу және шығару, қоқыстарды жинау және шығару бойынша жұмыстар жүргізілді.

Құрғақ ағаштарды кесу барысында 10 текше метр отын дайындалды, олар ХӨОТ санитарындағы 2 отбасы жеткізілді. 500 түп ағаш көшеттері отырғызылды. Қарақоға, Образец және Чистое ауылдарындағы 3 полигонның аумағы жыртылды. 2 баннер жаңартылып, ауылдық округ тұрғындары қоршауларды жаңарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Жол жиектерін шабу жұмыстары жүргізілуде. Қарақоға-Надежда автобус аялдамасы абаттандырылып, Қарақоға ауылында көше жарығына қызмет көрсету жұмыстары жүргізілуде. Өткен кезеңде көшедегі жарықтандырудың 23 шамы ауыстырылып, ауылға кіру тобын орнату жұмыстары жүргізілуде, - деді Жанболат Хазезұлы.

Полудин ауылдық округінде жүргізіліп жатқан абаттандыру жұмыстары бойынша округ әкімі Мәдениет Қалиев мәлімет беріп, жан-жақты тоқталды.

- Полудин ауылдық округіне үш елді мекен кіреді: Полудино, Ганькино, Ганькино станциясы. Барлығы 453 аула бар. Округте абаттандыру жоспары әзірленіп, тұрақты негізде абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.

Полудино ауылының орталық көшесінің бойында әр қиылыста қоқыс жиектері орнатылған. Балалардың ойын және спорт алаңдарын абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Шөп шабылып, сырлау жұмыстары жүргізілді. 200 дана - бағаналар мен ағаштарды ақталып, құрғақ ағаштарды кесу және шығару жұмыстары жүргізілді.

Екі мектептің, мәдениет үйінің, ФАП және өкімдік ғимаратының аумағында 500 түп ағаш көшеттері отырғызылды. 4 полигон үйіліп, жан жағы жыртылды. Тұрғын емес үйлердің жиектері мен аумақтары кесу жұмыстары жүргізілуде. Көше жарығына қызмет көрсету бой-

ынша жұмыстар жүргізілуде, қосымша күн батареялары бар 8 шам орнатылды. Сондай-ақ, электр қуатын үнемдеу үшін 19 таймер орнатылған.

Маусым айында Ганькино ауылы мен Ганькино станциясындағы ұзындығы 1,5 шақырым кентішілік жолдарға, сондай-ақ Ганькино ауылына кіре-беріске үш жүз тоннадан астам қиыршықтас төселді, ұйымдастырылды. Сондай-ақ, өз күшімен Полудино ауылына кіре-беріс жолындағы шұңқырлардың 90%-ы жабылып, 3 шақырым жол асфальтталып, тегістелді. 2026 жылы 5 ескі үйді бұзу жоспарлануда. Қазіргі уақытта 1 үй бұзылды, қалғандарына «Нейминг» ЖК-мен бұзу шарты бар. Бүгінгі таңда абаттандыру жұмыстары жалғасуда, - деді Мәдениет Мәкенұлы.

- Ең алдымен, жергілікті жерлерде жүргізілетін жұмыстың сапасына, көшелер мен қоғамдық аумақтарды күтіп-ұстауға, жолдардың жай-күйіне, жарықтандыруға, стихиялық полигондарды жоюға және тозығы жеткен және қараусыз қалған үйлерді бұзуға назар аудару қажет. Мемлекеттік органдардың басшылары мен ауылдық округ әкімдерінен қойылған міндеттердің белгіленген мерзімде орындалуын қамтамасыз етуді және жұмыс нәтижелеріне бақылауды күшейтуді тапсырамын. Отырғызылған ағаштар мен көшеттердің сақталуын және тиісті күтімін қамтамасыз ету, қала мен ауылдарды көгалдандыру бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Абаттандыру ережелерінің сақтауға, халықпен профилактикалық жұмысты жалғастыруға және бұзушыларға қатысты заңнамада көзделген шаралар қабылдауға бақылауды күшейтуді тапсырамын, - деді Рахат Смағұлов.

Аппараттық кеңес қорытындысы бойынша хаттама жасалып, барлық тармақтың орындалуын бақылау тапсырылды.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

АУДАНЫҢ ДАМУ ЖОСПАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛДІ

11 тамыз күні аудан әкімі аппаратының отырысында Мағжан Жұмабаев ауданы сегізінші шақырылған мәслихатының қырық үшінші сессиясы өтіп, оған Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихаты төрағасының өкілеттігін уақытша жүзеге асырушы Жәния Қайдарова, аудан әкімінің орынбасары Абай Қазисов, мемлекеттік орган басшылары, Бұлаев қаласы мен ауылдық округ әкімдері қатысты.

Күн тәртібіне шығарылған «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының 2026-2030 жылдарға арналған даму жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» сұрағы бойынша экономика және қаржы бөлімінің экономикалық сектор меңгерушісі Наталья Кучеряева баяндама жасап,

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының 2026-2030 жылдарға арналған даму жоспарына «Инвестициялық жоспар» қосымшасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет екенін жеткізді.

Өз кезегінде аудандық мәслихат депутаттары тиісті өзгерістерді пысықтап, бірауыздан оң шешім қабылдады.

Аудандық мәслихат шешімінің аталған жобасын қабылдаудың мақсаты - ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуын дамыту, сондай-ақ облыстың даму жоспарының мақсаттарымен, міндеттерімен, нысаналы индикаторларымен және нәтижелі көрсеткіштерімен келісуді қамтамасыз ету болып табылады.



ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ – ҰАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ АЙНАСЫ

18 тамыз – Қазақстан Республикасы Шекара әскерінің құрылған күні.

Қазақстан Республикасының шекара қызметі – тәуелсіздігіміздің тұғыры мен мемлекеттік қауіпсіздіктің тірегі. Әрбір елдің ең басты құндылығы – оның жері мен шекарасы. Ал сол шекараны күзетіп, халықтың тыныштығын, мемлекеттің тұтастығын қорғайтын ер азаматтар – шекарашылар. Сондықтан 18 тамыз – Қазақстандағы Шекарашылар күні ерекше құрметке лайық кәсіби мерекелердің бірі.

Қазақстанның Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің тарихы 1992 жылдың 18 тамызынан басталады. 1992 жылғы дәл осы күні сол кездегі Президент Жарлығымен Шығыс шекара округі негізінде Қазақстан Республикасы Шекара әскері құрылды. Осы уақыттан бері шекарашылар тек әскери қызмет қана емес, ұлттық қауіпсіздіктің алдығы шебіндегі маңызды күшке айналды. Құрлықта да, теңізде де, әуеде елдің шекарасын күзетіп, заңсыз көші-қон, қару-жарақ пен есірткі тасымалына тосқауыл қойып келеді.

Мемлекеттік шекараны қорғау шекаралық кеңістікте Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуден тұрады және оны Қазақстан Республикасының Үкіметі мен уәкілетті органдар өз қүзыреті шегінде саяси, құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық, шекаралық, әскери және өзге де шараларды қолдану жолымен іске асырады.

Мемлекеттік шекараны қорғауға Қазақстан Республикасының азаматтары мен ұйымдары қатыса алады.

Шекара қызметі бірнеше бағыттан тұрады:

- Мемлекеттік шекараны қорғау және күзету;
- Мемлекеттік шекара арқылы өткізу (мемлекеттік шекара арқылы адамдарды, көлік құралдарын, жүк пен тауар өткізу);
- Шекаралық бақылау;
- Мемлекеттік шекара режимін қамтамасыз ету;
- Шекара режимін бақылау;
- Өткізу пункттері режимін бақылау;
- Аумақтық және ішкі су режимін бақылау;



- Континенттік қайраң режимін бақылау;
- Шекарадағы тосын оқиғаларды шешу;
- Шетелдегі мекемелерді физикалық қорғау.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі мемлекеттік шекараны күзету мен қорғауды қамтамасыз ету аясында құзырлы органдармен бірлесіп әрекеттеседі.

Шекара қызметкерлерінің еңбегі – ерлік пен төзімділікті қажет етеді. Олар күндіз-түні кезекшілікте, кейде табиғаттың қатал жағдайында, қыстың аязында, жаздың аптабында да міндетін мінсіз атқарады. Шекарашы үшін елдің әрбір қадамы – қасиетті аманат.

Қазақстан тарихында шекарашылардың ерлігі көп. Терроризмге қарсы операциялар, контрабандаға тосқауыл, ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресте талай батыр шекарашылар көзге түсті. Олардың ішінде өз өмірін тәуекелге тігіп, ел тыныштығы жолында қаза тапқандар да бар.

Бүгінде Қазақстан шекарасы – әлемдегі ең ұзын құрлықтық шекаралардың бірі. Оның жалпы ұзындығы 13 мың шақырымнан асады. Бұл Ресей, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан және Түрікменстан елдерімен шектесетін кең

аймақты қамтиды. Осындай ауқымды аумақты қорғау үшін заманауи техника, әуе күштері, арнайы бөлімшелер мен цифрлық бақылау жүйелері пайдаланылады.

Қазақстандық шекарашылар халықаралық әріптестік аясында көрші елдердің әріптестерімен бірлескен жаттығулар өткізіп, тәжірибе алмасып келеді. Бұл – аймақтық тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтаудың кепілі.

Шекарашылар күні – бұл тек әскери қызметкерлердің кәсіби мерекесі ғана емес, сондай-ақ олардың отбасы үшін де ерекше күн. Өйткені шекарашының артында әрдайым оны күтіп, қолдап отырған жақындары бар. Сондықтан бұл мереке – халықтың тыныштығы үшін тәулік бойы аянбай еңбек етіп жүрген барша азаматтарға алғыс айту күні.

Қазақстан халқы үшін шекарашылар – тәуелсіздіктің, бейбіт өмірдің, қауіпсіздіктің символы.

Шекарашылар күні – әр қазақтың жүрегіне елге деген сүйіспеншілікті күшейтетін, Отан алдындағы борышты еске салатын күн. Бұл – шекарашы сарбаздар мен офицерлердің, олардың отбасыларының еңбегін дәріптеу,

олардың ерлігін елге паш ету күні.

Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүрген аңның тұяғы тосатын ұланғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарсы қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті. Тәуелсіздігімізді алған 35 жылдың ішінде еліміз мемлекеттік шекарамызды заңдық тұрғыдан халықаралық қауымдастық алдында мойындатты. Қол жеткен азаттықты елдің мықты әскері ғана қорғай алады десек, халық тыныштығын қамтамасыз ету – әрбір азаматтың абыройлы міндеті, перзенттік парызы. Осы тұрғыда кірпік қақпай ел тыныштығын күзетіп тұрған шекарашыларымызға үлкен жауапкершілік жүгі бар.

Жер көлемі жағынан тоғызыншы орынды иеленетін еліміздің шекарасын күзету де оңай емес. Алайда, елдің тыныштығы мен қауіпсіздігіне аса сақтықпен қарайтын жауынгерлеріміз өздеріне артылған жүкті абыроймен көтеріп келеді.

Қазіргі кезде алыс-жақын шетелдерде болып жатқан түрлі жағдайлар шекарашыларымызға бір сәт те босанбауға болмайтынын көрсетеді.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Аумақтық тұтастығымызға күмән келтіріп, тату көршілік қатынастарға сына қаққысы келетін кейбір шетел азаматтарының арандатушылық іс-әрекеттеріне ресми және қоғамдық деңгейде тойтарыс бере отырып, ағартушылық жұмыстарын ұстамдылықпен жүргізген жөн. Біз ұлттық мүддені аспен де, таспен де қорғауға дайын болуымыз қажеттігін тағы да баса айтып келеміз», – деген еді.

Құрметті мағжандық шекарашылар! Еліміздің ұлттық қауіпсіздігі мен тыныштығын қамтамасыз етіп, ұлан-ғайыр мемлекеттік шекарамызды қорғауда еңбектеріңіз зор.

Сіздердің қиын да абыройлы, жауапкершілігі мол істеріңізге табыс, мықты денсаулық, шаңырақтарыңызға амандық тілеймін. Еліміз тыныш, шекарамыз берік болсын!

«Мағжан» шекара комендатурасы.

ЕЛ ШЕБІНДЕГІ КҮЗЕТ – ЕРЕКШЕ МІНДЕТ

Мемлекеттік шекара – Тіу, Елтаңба және Әнұранмен қатар тәуелсіз елдің ажырамаз тынаны басып саналады. Халқымыз үшін қастерлі ұғым болып саналатын мемлекеттік шекараны қорғау, ата-бабадан қалған жерді күзету – үлкен абырой, маңызды жауапкершілік. Сондықтан елге қызмет ету, Отандай қорғау – ұлы іс. Тұрған өлкенің ту ерманы мен айдын суын, түйір тасы мен бір ұяс тастырағын да көздің қарашығындай қастерлеу – бәріміздің Отан алдындағы қасиетті парызымыз. Десе де бұл ретте Шекараны күзетуде айыбыңды ер-азаматтардың атқарар ролі ерасан. Осы ретте, Шекарашылар күні мерекесі қарсаңында елге қаран бағам, ел шебін көздің қарашығындай қызғыштай қорыған шекарашы, «Аралаш» шекара заставасының техникі Ералы Ғалымұлы Сағындықовтың өмірлік еңбегін тақырыпқа арнау еттіміз.

Ералы Ғалымұлы 1983 жылы 27 мамырда Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы Ленин ауылында дүниеге келген. Отбасы Вовзышенка ауылына көшіп, оның балалық шағы мен есеу кезеңі дәл осы елді мекенмен байланысты болды.

Вовзышенка орта мектебін бітіргеннен кейін жас түлекке болашақ мамандықты таңдау қиын болған жоқ. Өйткені ол бар саналы ғұмырын техникаға арнаған әкесі Ғалымның жолын қуып, жастайынан техника мен механизмдерге қызығушылық танытқан болатын. Осылайша, ол Солтүстік Қазақстан университетіне «техник-механик» мамандығы бойынша оқуға түсіп, оны 2003 жылы сәтті бітіреді.

Әр ер азаматқа Отан алдындағы борышын өтеу – міндет пен абырой. 2003 жылдың мамыр айында Ералы Сағындықов Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына шақырылып, оның мерзімді әскери қызмет элиталық Аэроұтқыр әскерлерінде өтті. Әскерде алынған жан-жақты дағды, қатан тәртіп пен қиын жағдайда әрекет ету қабілеті ол үшін нағыз өмір мектебіне айналды, ақырында бұл оның бойында Отан қорғаушының өзегін қалыптастырды.

2005 жылы аман-есен әскерден оралған Ералы Ғалымұлы өз тағдырын ҚР ҰҚК Шекара қызметімен байланыстыруды шешеді. Оның еңбек жолы «Келтесай» шекара заставасынан басталып, онда ол атқару лауазымына тағайындалады.

Орындалушылық, іске жауапкершілікпен қарау және жас шекарашының ұйымдастырушылық қасиеттері бірден басшылықтың көзіне көрінді. Нәтижесінде екі аптадан кейін оған заставка старшинасының міндеттерін орындау сенім тапсырылды.

2008 жылы Ералы Сағындықов «Вовзышенка» шекара заставасына ауыстырылып, осы жылдың сәуірінде ол аға жүргізуші болып тағайындалды. Шекара қызметі жағдайында шекара нардытарының ұтқырлығы мен ден қояудың жеделдігі техниканың жарамдылығына тікелей байланысты.

20 жылдан астам уақыт мінсіз қызмет атқарып келе жатқан Ералы Ғалымұлы әрқашан өзін жоғары

дәрежелі маман, сенімді жауынгер жолдас және тәжірибелі тәлімгер ретінде көрсетті.

Ал 2021 жылдан бастап ол шекара заставасының техникі қызметін жалғастырып, әскери техниканың, қару-жарақтың және инженерлік-техникалық құралдардың тұрақты дайындығы мен үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп келеді.

Менің міндетім – техника мен құрал-саймандардың үнемі жауынгерлік жағдайда болуын, заңсыз шекара бұзушылардың жолын кесу кезінде шекара қызметкерлерінің жедел әрекет етуі үшін сақадай сай тұруын қамтамасыз ету. Күнделікті жұмысым техниканы қараудан, құрал-жабдықтарды тексеруден басталады. Қарамағымдағы жүргізушілерден және басқа да әскери мамандардан өздеріне бекітіліп тапсырылған әр техника мен саймандарға жауапкершілікпен қарауды талап етемін.

Біздің «Аралаш» шекара заставасы – еліміздің солтүстік шебін, ал ауданымыздың оңтүстік шығыс шекарасын күзетіп, шекараны заңсыз кесуге жол бермеу міндетін атқарады. Әріптестерімнің барлығы – жауапты, өз ісіне адал, ең бастысы қырағы. Ендеше еліміз тыныш, шекарамыз берік, халқымыз аман болсын, дейді шекара қызметінің старшинасы Ералы Сағындықов.

Расында да, мемлекеттік шекараның беріктігі – елдігіміздің басты белгісі. Тәуелсіздігіміздің алғашқы күнінен бастап еліміздің шекарашылары құрлықта, теңізде, өзендер мен өзге де су жолдарында мемлекеттік шекараны күзетеді. Сонымен қатар темір жол, автокөлік, теңіз, өзен, әуе жолы және өзге де жерлер арқылы өтетін шекара шептері Үкімет белгілеген өткізу пункттері арқылы айқындалады. Сондықтан шекара шебінен өтуге болмайтын жерлер арқылы контрабандалық жүк тасымалдау, тәуелсіз мемлекеттерімізге экономикалық зиян келтіруге бағытталған кез келген заңсыз әрекеттерге шекарашылар тосқауыл қояды.

20 жыл бойы еліміздің тыныштығы мен шекарасының қауіпсіздігін қырағылықпен, жоғары жауапкершілікпен



күзетіп жүрген Ералы Сағындықов лайықты еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің I, II және III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» және басқа да мерейтойлық медальдармен, II дәрежелі «Шекара қызметінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған.

Ералы Ғалымұлы жұбайы Шолпанмен бірге Аяулым, Арайлым, Айсұлтан және Алдияр есімді балаландарды өмірге әкеліп, сапалы білім мен саналы тәрбие беруге ат салысуда. Үйдің үлкені Аяулым биыл мектепті «Алтын белгіге» бітіріп, Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіне грантка оқуға түсіп, ата-анасының сенімі мен үмітін ақтап отыр.

Шекарашы күні жарасымды отбасына амандық, баянды бақыт пен шекара шебін күзетіп жүрген Ералы Сағындықовтың қызметіне тыныштық тілейміз!

Еркебұлан ЕЛУБАЕВ.

«ЖАСТАР - 2026» ОБЛЫСТЫҚ СПАРТАКИАДАСЫ

ОБЛЫСТЫҚ ЖАРЫСТА ЖАС БАЛУАҒАНДАР ЕРЛЕДІ



6-8 тамыз аралығында Мамлютқа қаласында жастар арасында «Жастар - 2026» облыстық спартакиадасы өтті. Жарысқа Солтүстік Қазақстан облысының 13 ауданынан 598 спортшы қатысты. Мағжан Жұмабаев ауданының намысын 50 спортшы қорғап, олар жағажай волейболы, 3x3 баскетбол, шағын футбол, грек-рим күресі және арқан тарту сияқты спорттың бес түрінен бақ сынасты.

Екі күнге созылған жарыстың қорытындысы бойынша мағжандық жас спортшылар келесідей нәтижеге қол жеткізді:

- Грек-рим күресі (ұлдар) - 2 орын
- 1 орын - Нұрланов Максат (60 келі)
- 1 орын - Зиберт Богдан (77 келі)
- 2 орын - Кеншібаев Бақтыяр (55 келі)
- 3 орын - Домнышев Антон (67 келі)
- 3 орын - Серік Темірлан (87 келі)
- 3 орын - Хамзенов Нұрдаулет (97 келі)
- Футзал (қыздар) - 4 орын
- Жағажай волейболы (ұлдар) - 5 орын

- Жағажай волейболы (қыздар) - 7 орын

- Арқан тарту (микс) - 8 орын

Спартакиаданың жалпыкомандалық есебінде Мағжан Жұмабаев ауданының құрама командасы 5 орынды иеленді. Осы ретте, барша спортшыларымызға, жаттықтырушыларымызға, өкілдерімізге зор алғысымызды білдіреміз. Алдағы уақытта тек жеңістер мен табыстар тілейміз!

Қанат МҰСАТАЕВ,
дешенашықтыру және спорт бөлімінің басшысы.

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУДЫ АЗАЙТУ БОЙЫНША ШҰҒЫЛ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ

2026 жылдың 1 жарты жылдығының қорытындысы бойынша еліміздің кәсіпорындарында өндірістің жарақаттанудың өсуі тіркелді. Барлығы 723 адам зардан иекті, бұл 2025 жылдың ұқсас кезеңіндегі көрсеткіштен (584 адам) 23,8%-ға артық. Ауыр жарақат алған жұмыскерлердің саны 16,4%-ға артық (409-дан 476 адамға дейін).

Тергеп-тексеру материалдарын талдау жазатайым оқиғалардың көпшілігіне келесі негізгі себептер ықпал ететінін көрсетеді:

Ұйымдастырушылық: жұмыс өндірісінің қанағаттанарлықсыз ұйымдас-тырылуы, еңбек және өндірістік тәртіптің сақталуын әлсіз бақылау, жол жүрісі қағидалары мен қызметтік тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік техникасын бұзу, сондай-ақ наряд-рұқсатсыз жоғары қауіптіліктегі жұмыстарды жүргізу.

Техникалық: ақаулы или ескірген жабдықтар мен механизмдерді пайдалану, технологиялық процестердің жетілмегендігі, қорғаныс қоршаулары мен бұғаттағыштардың болмауы немесе ақаулылығы, сондай-ақ газ талдағыштар мен сақтандыру құралдарын қолданбай түйік кеңістіктерде жұмыстарды жүргізу.

Адам факторы және қамтамасыз ету: еңбек қауіпсіздігі бойынша нұсқамалар мен оқытуды жүргізуге формальды қарау, сертификатталған жеке қорғану құралдарын (ЖҚҚ) қолданбау немесе олардың болмауы, сондай-ақ зардап шегушілердің абайсыздығы.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) талаптарына сәйкес Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті заңнаманы қатаң сақтау қажеттілігін хабарлайды және барлық салалардың жұмыс берушілеріне еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша келесі негізгі міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсынады:

1. Ресми жұмысқа орналастыру және еңбек шартын Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде (ЕШЕБЖ) тіркеу:

Кодекстің 23 және 33-баптарына сәйкес жұмыскерлерді еңбек міндеттерін орындауға тек жазбаша нысанда еңбек шарты жасалғанын кейін ғана жіберуді, еңбек қатынастарын уақтылы және толық рәсімдеуді қамтамасыз ету. Жасалатын, өзгертілетін және тоқтатылатын еңбек шарттары туралы мәліметтердің ЕШЕБЖ-де уақтылы әрі толық тіркелуін қамтамасыз ету.

2. Кәсіпкерлерге қажетті жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету:

Кодекстің 26, 31, 69, 77 және 182-баптарына сәйкес 18 жасқа толмаған адамдармен еңбек шарттарын жасасу тәртібін қатаң сақтау (заңды өкілдерінің жазбаша келісімінің болуын қоса алғанда). Кәсіпкерлерге қажетті жұмыскерлер, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарға, түнгі уақыттағы жұмыстарға, үстемте жұмыстарға, сондай-ақ ауыр заттарды тасудың шекті нормаларынан асыту жұмыстарға тартуға қатаң тыйым салу. Жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығының мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету (14 жастан 16 жасқа дейін - аптасына 24 сағаттан аспайтын, 16 жастан 18 жасқа дейін - аптасына 36 сағаттан аспайтын).

3. Жұмыскерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру (ЖОМС):

Кодекстің 182-бабына сәйкес штаттық санының 100%-ын қамти отырып, жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарттарын уақтылы жасасу және уәзарту.

4. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, нұсқамалар беру және білімдерін тексеру:

Кодекстің 182-бабына сәйкес жұмыскерлерге еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, нұсқама беру және білімдерін тексеруді, сондай-ақ басшы құрам мен жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытылуын әрі білімдерінің тексерілуін қамтамасыз ету.

5. Өндірістік бақылаудың және Еңбекті қорғауды басқару жүйесінің (ЕҚБЖ) жұмыс істеуі:

Кодекстің 201 және 202-баптарының негізінде еңбекті қорғау қызметінің (маманының) жұмысын құру немесе жандандыру, сондай-ақ жұмыс орындарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғаудың

нормативтік талаптарының сақталуына тұрақты ішкі бақылауды қамтамасыз ету.

6. Міндетті медициналық тексерулерді жүргізу:

Кодекстің 182-бабына сәйкес жұмыс берушінің қаражаты есебінен келісімде, ұжымдық шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, сондай-ақ еңбек жағдайлары өзгертіле отырып басқа жұмысқа ауыстырылғанда не кәсіптік ауру белгілері пайда болғанда жұмыскерлерді міндетті мерзімдік (еңбек қызметі барысында) медициналық тексерулерден және ауысым алдындағы медициналық куәландырудан өткізуді ұйымдастыру.

7. Жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарымен (ЖҚҚ және ҰҚҚ) қамтамасыз ету:

Кодекстің 182-бабына сәйкес өз қаражаты есебінен жұмыскерлерді сертифицирталған ЖҚҚ және ҰҚҚ, арнайы киіммен және аяқ киіммен, жуғыш және дезинфекциялаушы құралдармен, профилактикалық өңдеу құралдарымен, медициналық қобдишмен, сондай-ақ сүтпен немесе оған тең бағалы тамақ өнімдерімен және (немесе) диеталық емдік және диеталық профилактикалық тамақтанудың мамандандырылған тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету (ЖҚҚ-мен қамтамасыз етілмеген адамдарды жұмысқа жібермеу).

8. Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттаудан өткізу:

Кодекстің 183-бабына сәйкес кәсіби тәуекелдерге объективті баға беру және еңбек жағдайларын жақсарту бойынша кешенді жоспарлар әзірлеу үшін өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша мерзімді (бес жылда кемінде бір рет) аттестаттаудан өткізу.

9. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша өндірістік кеңестерді құру және техникалық инспекторлар институты:

Кодекстің 203-бабына сәйкес жұмыс берушінің және (немесе) жұмыскерлердің



немесе олардың өкілдерінің бастамасы бойынша еңбек жағдайларын бірлесіп бақылау үшін Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестер құру және олардың жұмысына еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды тарту.

10. Жазатайым оқиғаларды уақтылы хабарлау, есепке алу және тергеп-тексеру:

Кодекстің 187-бабына сәйкес орын алған жазатайым оқиғалар туралы Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің аумақтық департаментін тез арада хабардар ету. Оларды объективті тергеп-тексеруді ұйымдастыру және материалдарды уақтылы тіркеу.

11. Ішкі актілерді, нұсқаулықтарды әзірлеу және қызметтік декларациялау:

Кодекстің 180 және 182-баптарының негізінде еңбекті қорғауды басқару жүйесін енгізу және оның жұмыс істеуіне тұрақты бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруды жұмыс берушінің қаражаты мен Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен қамтамасыз ету.

Өндірісте жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау әрбір жұмыс берушінің дербес жауапкершілігі болып табылады.

Мейрамбек АХМЕТОВ,
ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің төрағасы.

MÁSELE[illegible]KAlH₈
LiHHE

А. Ф.
 ГРАФИД.
 сөмбі,
 амьзз

БРАЗИЯ

АК.
 АЧУТИНА.
 ЗАР.
 ЗАХ.
 1.08. 60.15
 ВЫСТАР.
 А. МОСКИН.
 ОЖКО. ПЕННИ.

09.09
 ПИ.
 РТ.
 ТАН.
 ОЮВ. Х.Ф.
 БЫЗРЕ. Х.Ф.
 СРЕТМЕ.
 М.
 ОЛАР

ил. Баллы

АТА-АНАЛАР НАЗАРЫНА!

МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАЛУҒА
ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ТӨЛЕУ
БАСТАЛДЫ

Құрметті Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғындары!



2026 жылғы 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында «Жақсылық жаса» ұранымен республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өтуде. Акцияның мақсаты – жаңа оқу жылына дайындық барысында әлеуметтік осал санаттағы балаларға атаулы көмек көрсету.

Акция аясында:

- қолдауды қажет ететін отбасыларға көмек көрсетіледі;
- әрбір балаға 50 851 теңге мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек төленеді;
- қолжетімді бағамен мектеп жәрмеңкелері ұйымдастырылады;
- әрбір ниет білдіруші балаларды мектепке дайындауға өз үлесін қоса алады.

Кәсіпорын басшыларын, бизнес өкілдерін, қоғамдық ұйымдарды, еңбек ұжымдарын және ауданның барлық жанауыр тұрғындарын акцияға белсенді қатысып, балаларға жаңа оқу жылын көтеріңкі көңіл күймен бастауға мүмкіндік жасауға шақырамыз.

Жақсылық жасау – оңай. Бірлесе отырып, әрбір балаға мектеп табалдырығын сенімді аттауға көмектесейік!

«Мектепке жол» акциясына қатысты барлық сұрақтар бойынша балаңыз білім алатын мектепке немесе аудандық білім бөліміне 8 (71531) 2-81-83 телефоны арқылы хабарласуға болады.

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

ЕНДІ ХҚКО-ЛАР ЖИ
КӨМЕГІМЕН КЕЗЕКСІЗ
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

Еліміздегі Қалыққа қызмет көрсету орталықтары интеллект технологиялары қолданылатын заманауи цифрлық офистерге трансформацияланады.



Премьер-министрдің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевтің айтуынша, соңғы жылдары ХҚКО-ларға келетін азаматтар саны 30 пайызға азайған. Бұған бірқатар мемлекеттік қызметтердің алғаш рет онлайн форматқа көшуі себеп болған. Олардың қатарында электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) рәсімдеу, көлікті алғаш тіркеу, жер учаскесіне акт алу және жылжымайтын мүлікке кадастрлық паспорт рәсімдеу қызметтері бар.

Осыған байланысты ХҚКО-лардың жұмыс форматы да өзгеріп жатыр. Жаңа кеңістіктер кезекті азайтып, азаматтарға қызметтерді өз бетінше алуға мүмкіндік беретін ашық әрі ыңғайлы форматта ұйымдастырылады.

«Жалпы аумақтың 70%-ын негізгі бөлігін экспресс-аймақ алады. Онда қызметтерді eGov GPT цифрлық көмекшісі орнатылған өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы дербес алуға болады. Сонымен қатар офистер консультант көмек көрсететін сараптамалық және оқыту аймақтары да бар. Алғашқы заманауи офистер Жезқазған қаласында ашылды. Кейін цифрлық офистер Түркістан, Астана және Сәтбаев қалаларында жұмысын бастады. Небәрі бірнеше айдың ішінде цифрлық офистер 4 мыңнан астам адамға қызмет көрсетті», деді Жаслан Мәдиев.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНДА
ТЕМІРЖОЛ ӨТКЕЛІ
ЖӨНДЕУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ
ЖАБЫЛАДЫ

Петропавл қашықтық жолының әкімшілігі аудан тұрғындарына 31 тамыз сағат 07-ден бастап Булаев қаласындағы Сәбит Мұқанов көшесінде орналасқан «Элеватор» теміржол өткелінде рельс-шпал торын ауыстырумен және осы өткелдің төсемін ауыстырумен жолды күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетінін хабарлайды.

Жөндеу жұмыстары 2026 жылдың 9 қыркүйегі сағат 23.00-ге дейін (жергілікті уақыт) жүргізіледі, осыған орай, өткелдегі автомобильдер мен мотоциклдерге арналған қозғалыстар кезек-кезеңмен жабылатын болады.

Елімізде кадр тапшылығы байқалатын өңірлерге ерікті түрде қоныс аудару бағдарламасы бар. Енді осы бағдарлама жаңарып, қаржылық қолдау көлемі ұлғаяды.

БАСПАНА АЛУҒА 7 МЛН ТЕНГЕГЕ
ДЕЙІН БЕРІЛЕДІ

Бұдан былай экономикалық ұтқырлық сертификатының ең жоғары мөлшері 7 млн теңгеге дейін (1 625 АЕК) өседі. Қаражатты қатысушылар өңірде жеке тұрғын үй сатып алуға пайдалана алады. Өзгерістердің негізгі мақсаты – азаматтардың көшуіне ғана емес, жаңа өңірде жайлы қоныстанып, баспаналы болып, тұрақты өмір сүруіне қолайлы жағдай жасаумен байланысты.

Мемлекеттік қолдау тұрғын үй сертификатымен ғана шектелмейді. Қоныс аударушыларға көшуге арналған субсидиялар төленеді. Әрі тұрғын үйді жалдау, коммуналдық қызметтердің шығындары өтеледі. Жұмысқа орналасуға жан-жақты қолдау көрсетіледі. Оның үстіне жаңа өңірге көшпей тұрып-ақ жұмыс тауып, жұмыс берушіні таңдауға мүмкіндік бар. Қабылдаушы облыстың өкілдері азаматтар көшетін өңірлерде бос жұмыс орындары жәрмеңкесін тұрақты ұйымдастырады.

Бүгінде бағдарламаға қатысушылардың қатары кеңейді. Осыған дейін бағдарлама негізінен жұмыссыз азаматтарға арналса, енді мемлекеттік қолдау шараларын еңбек нарығында сұранысқа ие мамандар, сондай-ақ шаруа қожалықтарының басшылары, фермерлер де пайдалана алады.



Қазір бағдарлама түгел цифрлық форматқа көшті. Өтінім беру, өңірлер картасымен, сұранысқа ие мамандықтар тізімімен танысу, қолайлы бос жұмыс орынын таңдау мүмкіндігі migration.eppk.kz порталы арқылы қашықтан қолжетімді. Жергілікті бағдарлама іске қосылған 2017 жылдан бері оған 73,9 мың адам қатысыпты. Оның ішінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесу құралдарының арқасында 31 мың адам тұрақты жұмысқа орналасқан.

КӨШІ-ҚОН

ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТЫҒЫН АЛҒЫСЫ
КЕЛЕТІНДЕР ҮШІН ӨТІНІШ ҚАБЫЛДАУ
БАСТАЛДЫ

2026 жылғы 10-20 тамыз аралығында Қазақстан азаматтығын алуға ниетті үміткерлерден өтініш қабылдау жүргізіледі.

22 тамызда тестілеу өтеді. Ұлттық тестілеу орталығының мәліметінше, емтихан үш бөлімнен тұрады:

- Қазақ тілі – 30 тапсырма, шекті балл – 15;
- Конституция негіздері (қазақ немесе орыс тілінде) – 40 тапсырма, шекті балл – 20;
- Қазақстан тарихы (қазақ немесе орыс тілінде) – 30 тапсырма, шекті балл – 15;
- Тест бойынша ең жоғары нәтиже – 100 балл.

ал өту үшін кемінде 50 балл жинау қажет.

Тапсырмаларды орындауға 130 минут беріледі. Мүгедектігі бар адамдарға қосымша 30 минут уақыт қарастырылған.

Тестілеуге қатысу құны 14 693 теңгені (шамамен 33 АҚШ доллары) құрайды.

Сонымен қатар емтиханды дайындау үшін байқау тестілеуінен өтуге болады. Оның құны – 3 355 теңге (шамамен 7,5 АҚШ доллары).

ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРА

Булаев станциясындағы жергілікті полиция бөлімшесі теміржол көлігіндегі құқық бұзушылықтардың алдын алу және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 10-14 тамыз аралығында «Көліктегі құқық бұзушылыққа жол жоқ!» жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізуде.

КӨЛІКТЕГІ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ

- КОҒАМДЫҚ Тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау
- ЖЕКЕ ЖӘНЕ БАҒАЛЫ ЗАТТАРЫНДЫҒА МҮҚІМ БОЛМАЙДЫ
- БІЛЕТСІЗ ЖҮРМЕҢІ ЗАҢДЫ САҚТАНҒЫЗ!
- КҮДІКТІ ЖАҒДАЙЛАР ТҮРІНДЕ ПОЛИЦИЯҒА ХАБАРЛАҢЫЗ!

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ КЕПІЛІ

102 немесе пойыз бригадасына хабарласыңыз

КӨЛІКТЕГІ ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Іс-шараның негізгі мақсаты – теміржол нысандарында құқық бұзушылықтардың алдын алу, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау және тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру.

Жедел-профилактикалық іс-шара барысында көліктегі полиция қызметкерлері теміржол вокзалдарында, станцияларда және жолаушылар көп шоғырланатын орындарда профилактикалық жұмыстар жүргізуде.

Азаматтарға қолданыстағы заңнама талаптары түсіндіріліп, қоғамдық орындардағы тәртіпті сақтау, теміржолдағы қауіпсіздік

ережелерін бұзбау және құқық бұзушылықтарға жол бермеу жөнінде түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылуда.

Сонымен қатар, азаматтарға құқық бұзушылықтың алдын алуға әр адамның жауапкершілігі маңызды екені айтылуда. Күдікті немесе құқық бұзушылық белгілері бар жағдайларға куә болған жағдайда, полиция қызметкерлеріне дереу хабарлау қажеттігі ескертіледі.

Булаев станциясындағы жергілікті полиция бөлімшесі.

Директор - бас редактор
Павел ГОРЧАК

Газеттің мәтіндік нөсі:
«Астана-Вест» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр баи көшесі, 13 үй.
Тел: 2-17-49.
Басылым индексі 65360
e-mail: magzhan.zhulidizi@yandex.kz

Газет антасына
1 рет бейсенбі күні
шығады.
Жазылу индексі - 65360

«Magzhan zhulidizi» газеті
редакцияда теріліп беттеледі.
«Северный Казахстан»
баспаханасында басылады.
(Петропавл к., Коммунов к-сі, 5 үй).
Таразысы - 440

Газет аудан әкімінің, аудандық
мәслихаттың тапсырысы бойынша
шығарылады және газеттер арқылы
мемлекеттік аппараттық саясатты
жүргізудегі рөлін басылым болып
табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғармасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан Жұлдызы» газетінің мәтініне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәсесі жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.